

«ӨЗЕНМҰНАЙСЕРВИС» ЖШС
БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ЕҢБЕК ҰЖЫМЫМЕН ӨТКЕН ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУІНІҢ
ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША
ХАТТАМА

(01.01.2023ж. – 31.12.2023ж. кезеңі үшін)

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС акт залы
(кездесу өткізу орны)

22-23.01.2024ж.
(кездесу өткізу күні)

Төрағалық еткен:

Қ. Мыңтұрғанов

Бас директор

Қатысқандар:

А. Салихов

Бас директордың өндіріс жөніндегі
орынбасары

М. Елеусинов

Бас директордың экономика және қаржы
жөніндегі орынбасары

С. Бекмамбетов

Бас директордың өндірісті қамту бойынша
орынбасары

Н. Ермаганбетов

Бас директордың қызметкерлерді басқару,
еңбекақы төлеу және әлеуметтік сұрақтар
бойынша орынбасары

Кәсіподақ комитеттерінің мүшелері
Бөлім басшылары, бөлім басшыларының
орынбасарлары, жетекші мамандар, цех
бастықтары және цех жұмысшылары

Барлығы 200-ге жуық адам қатысты.

Күн тәртібі:

1. Бас директордың «ӨзенМұнайСервис» ЖШС есептік кезеңіндегі (01.01.2023ж.– 31.12.2023ж) қызметі туралы есебі және кәсіпорынның болашақ кезеңдегі даму міндеттері.
Баяндамашы – Қ. Мыңтұрғанов
2. Сұрақтар мен жауаптар.

Есептік кездесу барысында, күн тәртібінде 2023 жыл қортындысы бойынша:

Күн тәртібі бойынша Серіктестік бас директоры сөз алып, 2023 жылдың қортындысы бойынша көрсеткіштерімізге тоқталып өтті, атап айтқанда:

1. Жалпы есептік кезеңдегі кәсіпорынның қызметі туралы;
2. Өндірістік-экономикалық көрсеткіштер туралы;
3. Инвестициялық жоспарлар туралы;
4. Серіктестіктегі өндірістің күйі туралы;
5. Еңбек тәртібінің күйі туралы;
6. Оң нәтижелері бар қызметкерлер туралы;
7. Серіктестіктегі өндірістік жарақаттанушылық пен кәсіби аурулар туралы;
8. Өндірістік көрсеткіштерді орындау үшін сыйақы төлеу туралы;
9. Жұмыс кәсіптерінің қызметкерлерін оқыту, біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау туралы;
10. Әлеуметтік төлемдерді, өтемақылар мен кепілдіктерді ұсыну туралы;
11. Кадрлық мәселелер (персоналды бағалау, кадрлық резервпен жұмысты ұйымдастыру және т.б) туралы;
12. Әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер туралы;
13. Ұйымда корпоративтік іс-шаралардың өткізілуі туралы;
14. Мердігер мекемелермен қарым-қатынас туралы;
15. Келіп түскен мәселелер, өткізілген кездесулер, жеке қабылдаулар туралы және келіп түскен мәселелерді шешу барысы туралы хабарлар етті.

Бас директордың есебі тыңдалғаннан кейін жиналғандар тарапынан төмендегідей сұрақтар қойылды:

№	Аты-жөні	Қызметкерлердің сұрақтары	Анықталған проблемалар	Проблемалардың саласы	Басшылықтың жауабы	Орындалуына жауапты
1	Бригада қызметкерлері	Скважиналарды күрделі жөндеу кезінде әр-түрлі қиындықтар туындап, аяқтауға мүмкіншілік болмай тастап кетіп жатамыз. Алдағы уақытта скважиналарды тастамауға қандай шаралар қабылдап жатсыз?	Скважиналардың ескіруі, қолданыстағы роторлардың жетіспеушілігі, сонымен қатар технологияның тиісті деңгейде сақталмауы.	ӨТҚ, МЭБ	Скважиналарды тастау жылдан жылға азаюда, дегенменде ол үшін бірқатар жұмыстар атқарылуда. Р-400 роторлары, жаңа ГКС-1800 кілттері, басқада қажетті бұрау, қазу құрал-саймандар сатып алынуда. Сонымен қатар, аса күрделі жұмыстарды жасайтын қуатты қытайлық үлкен мачталы, мобильді қондырғысы сатып алынуда.	Н. Базарбаев Е. Баржиқов
2	ӨҚБ қызметкерлері	Жаңадан салынып жатқан өндірістік қамту базаның құрылысы қашан бітеді.	Құрылысты бастау құжаттарының уақыт алуы.	ӨТҚ	Қазіргі таңда ЖШ «КенҚұрылысСервис» Серіктестігімен келісім-шарт, қосалқы басқада құжаттар жасақталып, жұмыс толық басталды. Ағымдағы жылдың маусым айына дейін аяқтау жоспарда.	Н. Базарбаев Б.Жұбантуров
3	ӨҚБ қызметкерлері	Дәнекерлеу агрегаттары ескірген, ауыстыру керек. Сонымен қатар қарқынды жұмыстар кезінде электр энергиясының сөнуі жиі орын алады, ол құрылғылардың істен шығуына әкелуі мүмкін. Осыған шаралар қабылдау керек.	Бюджетке, сатып алу жоспарына өзгерту енгізу жұмыстары, тендер өткізу процедуралары белгілі бір уақыт алады.	МЭБ	Қазіргі таңда 2-дана жапондық үлгідегі дәнекерлеу агрегаттары алынып, іске қосылуда. 2024 жылы тағы 1-данасы алыну жоспарда бар. Сонымен қатар электр энергиясы ажыратылған жағдайда қосалқы тоқ көзін беретін 3-дана дизельдік трансформаторда алынды.	Е. Баржиқов
4	Бригада қызметкерлері	Негізгі өндірістегі жұмысты тиімді пайдалану мақсатында жаңа сораптық қондырғылар алынады делінген болатын. Қашан пайдалануға беріледі?	Бюджетке, сатып алу жоспарына өзгерту енгізу жұмыстары, тендер өткізу процедуралары белгілі бір уақыт алады.	ЖТ,СжТБ Б	Негізгі өндірістегі жұмыс тиімді пайдалану мақсатында 2-дана ТПН-32 маркалы сораптық қондырғы алынды. Алдағы уақытта тиісті қызметкерлер оқытылып, пайдалануға берілетін болады.	Ө.Урбесинов Е. Казікулов
5	Бригада қызметкерлері	Кейбір көтергіш қондырғылар ескіруде, осыған орай осы жылы жаңадан көтергіш	Жұмыс жасау мерзімі аяқталуға жақын көтергіш	МЭБ	2021 жылы 4 дана көтергіш қондырғы модернизациялау арқылы жаңартылған болатын. 2022 жылы 4 дана жаңа	Е. Баржиқов

		қондырғылар сатып алынады делінген болатын. Оған не айтасыздар?	қондырғылар бар.		қондырғы сатып алыну керек болатын. Алайда, көтергіштер Ресей елінен келетін болғандықтан, ол жақта болып жатқан геополитикалық жағдайларға байланысты кешігуде. 2023 жылы 8-данасы келіп (АІР-80), СКЖ бригадаларына берілді. Сосын қытай елінен қуатты үлкен мачталы 1-дана көтергіш қондырғы әкеліну керек деп күтілуде. 2024 жылы 5-данасы жоспарда бар.	
6	Бригада қызметкерлері	Өндірістік бригадаларға ауыз су тасымалдайтын көліктер жетіспейді.	Су тасымалдайтын көліктерді ауыстыру керек	ОИТҚ	Су тасымалдайтын көліктер ауыстырылып, толықтырылып қазіргі таңда суды кестемен тасымалдауда. Өндірістік бригадаларда ауыз су жетіспеушілігі орын алған жоқ.	М. Асанов

Күн тәртібіндегі 2023 жылдың қортындысы бойынша, қанағаттанарлық деген шешім қабылданды.

Бас директор

Қ. Мыңтұрғанов

Хатшы

Н. Кокушев

Келісім парағы:

А. Салихов

Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары

М. Елеусинов

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

С. Бекмамбетов

Бас директордың өндірісті қамту жөніндегі орынбасары

Н. Ермаганбетов

Бас директордың қызметкерлерді басқару, еңбекақы төлеу және әлеуметтік сұрақтар бойынша орынбасары

С. Серіков

Кәсіподақ төрағасы

Қ. Сүндетбаев

Кәсіподақ төрағасы

Х. Сағиев

Кәсіподақ төрағасы